

"Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатын бөлу және пайдалану қағидалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 211 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 11 қазандағы № 634 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатын бөлу және пайдалану қағидалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 211 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатын 2017 жылға бөлуде:

"1. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2-жолмен толықтырылсын:

"

2	Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерін реконструкциялау	538 687	АШМ	ЕҚДБ
---	---	------------	-----	------

".
,"

"3. Техникалық көмек іс-шараларын іске асыруға" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3 және 4-жолдармен толықтырылсын:

"

3.	Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі ЕҚДБ бағдарламасын іске асыру	1 592 436	ҰЭМ	ЕҚДБ
4.	Қазақстанда құрамында тұтқыр органикалық ластағыштар бар қалдықтарды жою	19 894	ЭМ	ДБ

".
,"

"4. Үшжақты келісімдердің шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы жөніндегі жобаларды іске асыру үшін квазимемлекеттік сектор

субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға арналған нысаналы даму трансферттері" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қостанай облысы		1 614 227		
1.	Қостанай қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғырту	575 912	ИДМ	ЕҚДБ
2.	Қостанай қаласының жылумен жабдықтау жүйесін жаңғырту	571 209	ИДМ	ЕҚДБ
		467 106	ЭМ	ЕҚДБ
Жамбыл облысы		175 000		
3.	Тараз қаласының сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту	175 000	ИДМ	ЕҚДБ
Ақтөбе облысы		520 049		
4.	Ақтөбе қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғырту	520 049	ИДМ	ЕҚДБ
Қызылорда облысы		545 402		
5.	Қызылорда қаласында сумен жабдықтау және су бұру жүйесін салу және реконструкциялау	545 402	ИДМ	ЕҚДБ
Шығыс Қазақстан облысы		926 692		
6.	Семей қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғырту	350 028	ИДМ	ЕҚДБ
7.	Өскемен қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғырту	576 664	ИДМ	ЕҚДБ

";

мына:

"

Жиыны	7 683 796	
-------	-----------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Жиыны	12 710 914	
-------	------------	--

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев